

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы" 2000 жылғы 6 шілдедегі N 417 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 тамыз N 1177

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымы туралы" 2000 жылғы 6 шілдедегі N 417 U000417_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мынадай мемлекеттік мекемелері:

1) Жамбыл облысының Тараз қаласында орналасатын Оңтүстік әскери округі қолбасшысының басқармасы;

2) Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында орналасатын Шығыс әскери округі қолбасшысының басқармасы;

3) Алматы қаласында орналасатын Ұшқыр күштер қолбасшысының басқармасы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кейбір мәселелері туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 353қ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері штат санының лимиті шегінде мынадай штат санының лимиті бекітілсін:

1) Оңтүстік әскери округі қолбасшысының басқармасы - 136 бірлік;

2) Шығыс әскери округі қолбасшысының басқармасы - 136 бірлік;

3) Ұшқыр күштер қолбасшысының басқармасы - 77 бірлік.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) құрылатын мемлекеттік мекемелердің ережесін бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы Әскери реформа тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасындағы Әскери құрылыстың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2000 жылғы 7 шілдедегі Жарлығымен (бұдан әрі - Жарлық) белгіленген мерзімде Орталық және Батыс әскери округтері қолбасшыларының басқармаларын құру туралы актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарының және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен олар берген өтінімдер бойынша үйлерді, ғимараттарды, объектілер мен жерлерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс

министрлігінің қарамағына тапсыруды жүзеге асырсын;

2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен Тараз қаласындағы Тараз мемлекеттік университеті жатақханаларының үйлерін, ғимараттарын және материалдық-техникалық базасымен бірге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағына тапсыруды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Оңтүстік әскери округ қолбасшысының басқармасын қамтамасыз ету және күзет бөлімдерімен бірге орналастыруға үйлер мен ғимараттарды бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Жарлыққа сәйкес Әскери

округтер мен Ұшқыр күштер қолбасшылары басқармаларының құрамаларын, сондай-ақ олардың құрамына кіретін бөлімдердің, әскери бөлімдер мен мекемелердің көшірілуін, олардың инфрақұрылымын құруды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.